

Ә/б отырысында
Хаттама №1
Ә/б жетекшісі: *M. B. Tolokbaeva*

М.Б.Төлекбаева
« 31 » « 08 » 2023

Келісемін: *K. M. Koinshyulova*
Мектеп директорының
бастауыш сыныптар
жөніндегі орынбасары
К.Ә.Әбимолда
« 31 » « 08 » 2023

Бекітемін:
Мектеп директоры:
К.М.Койшыгулова *K. M. Koinshyulova*

« 31 » « 08 » 2023

Тақырыптық күнтізбе жоспары

Тәрбиешісі: Глеуова Гулшат Мирзабаевна

Сыныбы: Мектепалды даярлық «в»

Сағат саны 20 сағат

2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Байғанин ауданы Қарауылкелді орта мектебінің

Мектеп алды даярлық «в» сыныбы

Балалардың жасы 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|----------|---------------------------|--|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру) Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру</p> <p>Негізгі қимылдар: а) Допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүруге үйретуді жалғастыру. ә) Қолдарын екі жаққа созып, басына қапшық қойып, бөрененің үстімен тепе- теңдік сақтап жүріп өту біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру. Баяу жылдамдықта қол мен аяқтың қимылын үйлестіре отырып жүгіруге жаттығу. б) Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: 1 Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау.</p> |

| | | |
|-------------------------------|--|---|
| | | <p>2 Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату. 3 Жұптасып, шеңбер бойымен қозғалу. Шашырап жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> |
| <p>Сөйлеуді дамыту</p> | | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету Тыңдауды, айтуды, оқуды, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру;</p> <p>Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. 1 жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамыту;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. интонациясына байланысты сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлеуде қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару,</p> |

| | |
|----------------------------|---|
| Көркем әдебиет | <p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешуге баулу.</p> |
| Сауат ашу негіздері | <p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, сызбалар жасауға үйрету. Сөз сөйлем құрау. Қолды жазуға дайындау. Сөздерді буынға бөлу. Балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p> |
| Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p> |
| Математика | <p>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, Сан және санау. 1-2 санының пайда болуымен таныстыру. 3- саны үш бірліктен тұрады. Сандарды санату тура және кері санау Дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. 1,2-санының пайда болуымен таныстыру</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: Заттарды кеңістікке орналастыру.«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p>Уақытты бағдарлау: Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.Тәулік бөліктері мен апта күндері білімдерін және уақыт аралықтарының реттілігінде бағдарлау іскерлігін анықтау;уақыт сезімін дамыту;күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау:айлар,жыл мезгілдері</p> |
| | <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтыласын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p>Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> |

| | |
|-------------------|--|
| | Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.. |
| Құрастыру | <p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> |
| Сурет салу | <p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.</p> <p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру</p> <p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.</p> <p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> |
| Мүсіндеу | <p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.</p> <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды пішіндерін мүсіндеу.</p> <p>қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.</p> <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> |
| Жапсыру | <p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.</p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> |

| | | |
|--|---------------|---|
| | Музыка | <p>Музыка тыңдау: Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.</p> <p>Ән айту: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау</p> <p>Билер: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру</p> <p>Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру,</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.</p> |
|--|---------------|---|

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Байғанин ауданы Қарауылкелді орта мектебінің

Мектепалды даярлық «в» сыныбы

Балалардың жасы

5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды, көрсету) қазан.

| Айы | Ұйымдастырылған іс - әрекет | Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері |
|-----|-----------------------------|--|
| | Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар. Алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру) Допты басынан асыра (алға және артқа) бір-біріне беру Гимнастикалық қабырғаға арқасымен тіреліп тұрып Аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру Негізгі қимылдар: Шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіру Кедергілерден өту арқылы түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу Гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Бір қырымен тізе бұге отырып жүру. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтау. Спорттық жаттығулар: Шеңбер бойымен велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу; |

| | | |
|--|-----------------|---|
| | | <p>Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру; Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Дербес қимыл белсенділігі. Құрдастарымен жарыстар ұйымдастыру Сауықтыру-шынықтыру Ертеңгілік гимнастиканы орындау. Адамның дене құрылысы,</p> |
| | Қазақ тілі | <p>Сөздік қор: 1) балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту; 2) алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету; дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; интонациясына байланысты сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлеуде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу: тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету; мазмұндылығын ескере отырып, балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуға ықпал ететін тілдік ортаны құру. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, сипаттау және хабарлау әңгімелерін шығару, байланысқан бірізді сюжетті құрастыру, сөйлегенде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануды дамыту.</p> |
| | Көркем әдебиет | Оқу, әңгімелеу. |

| | | |
|--|----------------------|---|
| | | <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру.</p> <p>Мәнерлеп оқу.</p> <p>Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу</p> <p>Мазмұндау.</p> <p>Көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету</p> <p>Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;</p> <p>Театр мәдениетіне баулу.</p> <p>балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын; таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналауды үйрету;</p> <p>Адамгершілік нормалары туралы түсінік.</p> <p>ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын; өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу, ұл балаларға (мықты, батыл, еңбекқор және тағы басқа) және қыздарға тән мінез-құлық ерекшеліктерін (биязы, әдемі және тағы басқа) талқылау;</p> |
| | Сауат ашу негіздері | <p>Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.</p> <p>Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету; дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету; қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сурет бойынша сөйлем құрау. Сөйлем құрау, сызбасын сызу.</p> <p>Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p> |
| | Математика негіздері | <p>Жиын. "Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру.</p> <p>Сан, санау.</p> <p>Көрнекілік негізінде 2,3,4,5,6, пайда болуын таныстыру.</p> <p>10 санды тура және кері санауға үйрету.</p> <p>Шама.</p> <p>Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру.</p> |

| | | |
|--|------------|---|
| | | <p>Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету Сөйлеуде мына сөздерді қолдана білуді қалыптастыру: "өлшемдері бірдей", "ұзынырақ – қысқарақ", "ұзындығы бойынша бірдей"</p> <p>Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау.</p> <p>Заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Заттың кеңістікте орналасуы.Циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету.Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету.</p> <p>Салмақты өлшеу.</p> <p>Заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін "артық" затты бөліп алу, пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын орындау және т. б. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және сынық сызықтарды дәптердің тор көзіне сызуға үйрету</p> |
| | Сурет салу | <p>Заттық сурет салу:</p> <p>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеуді; Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын суретте бере білуге үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру (бояудың қажетті қоюлығын алу үшін, акварель бояуын сумен араластыру).</p> <p>Сәндік сурет салу:</p> <p>Қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, ерекшеліктері мен оларға тән элементтерін қолдана отырып, құрастыра білу іскерліктерін дамыту.</p> <p>Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. Қарындаштармен сурет салу барысында саусақтарға күш түсірмей, көлбеу ұстау қажеттілігін, штрихтарды біркелкі жеңіл қимылмен бір бағытта әрі-бері сызу дағдыларын дамыту.</p> |

| | | |
|--|----------|---|
| | | <p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>Бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру. Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып, балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Ертегі желісі бойынша сурет салуды үйрету;</p> |
| | Мүсіндеу | <p>Заттық мүсіндеу.</p> <p>Қарапайым қатынас түрлерін сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету; көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу. Сәндік мүсіндеу.</p> <p>Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну дағдысын дамыту.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу.</p> <p>Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету. Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру..</p> |
| | Жапсыру | <p>Заттық жапсыру.</p> <p>Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді қиып алу, заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту.</p> <p>Сәндік жапсыру:</p> <p>Ұлттық кілемдерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді, қымыз құятын ыдыстарды (торсық), бұйымдарды ұжымдық панно жасау арқылы үйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру</p> <p>Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.</p> |
| | Музыка | <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Ұлттық, домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, Ән айту. Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Ойындар, хороводтар. Қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық</p> |

| | | |
|--|-----------------------------------|--|
| | | <p>тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті менгерту. Билер. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.</p> <p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету</p> |
| | <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдері. бидай өсіру туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету.</p> <p>Жыл құстары мен қыстайтын құстар туралы білімдерін бекіту, оларды ажырата білуге және атын атауға үйрету; табиғат бұрышын мекендеушілер туралы білімдерін жетілдіру; табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу табиғат аясында болғанда экологиялық мәдениет ережелерінің бастапқы дағдыларына тәрбиелеу Туғандар мен туыстар.</p> <p>Отбасылық мерекелер. Отбасының әлемі туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру; заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. балабақша жақын орналасқан шағын ауданда, балабақша ауласында еркін бағыт-бағдар ұстай білу іскерліктерін жетілдіру телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту. Өз ата-анасының еңбегі жайлы әңгімелегенде, еңбек барысы туралы білімін қолдана білуге, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету.</p> <p>Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне қоятынын, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керек екендігін қалыптастыру</p> <p>Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту. Жолдың жүріс бөлігі, осьтік сызық туралы ұғымдарын бекіту. Қиылыс жолмен таныстыру, жол белгілерін бекіту.</p> <p>Бағдаршамның жарық белгілеріне сәйкес жолдан өтуге үйрету.</p> |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Байғанин ауданы Қарауылкелді орта мектебінің

Мектепалды даярлық «в» сыныбы

Балалардың жасы

5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды, көрсету) қараша.

| <i>Айы</i> | <i>Ұйымдастырылған іс - әрекет</i> | <i>Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері</i> |
|---------------|------------------------------------|--|
| <i>Қараша</i> | <i>Дене шынықтыру</i> | <i>Жалпы дамытушы жаттығулар.</i> |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>1. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу;</p> <p>2. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею</p> <p>3. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p>4. Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет)</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тізені жоғары көтеріп жүру; 2. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен «жыланша» жүгіру; 3. Секіру допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу 4. Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. 2. Дене жаттығуларын музыка ырғағымен орындау. 3. Шеңбер бойымен қимылдар жасау <p>Спорттық жаттығулар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. 2. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. 3. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Футбол элементтері. 2. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. 3. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. 4. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. <p>Қимылды ойындар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. 2. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. |
|--|--|--|

| | | |
|--|-----------------|---|
| | | <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыру 2. Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> |
| | Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен жабдықталған орта құру. <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Фонематикалық естуді дамыту <p>Сөздік қор.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Азық-түлік атаулары 2. Аңшылық кәсіп 3. Мал өсіру 4. Егіншілік кәсіп <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Сөздерді жіктеу, тәуелдеу, септеу 2. Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажырату <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі жеткізу. <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ынталандыру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> |

| | | |
|--|----------------------|--|
| | | <p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруын басқару</p> |
| | Көркем әдебиет | Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. |
| | Сауат ашу негіздері | <p>1.Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>2. Сөздің мағынасына қызығушылығын ояту.</p> <p>3. Сөздерге дыбыстық талдау жасау.Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылығын арттыру сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету.</p> <p>Буындардан сөздер құрастыру. Сөйлем құратып.сызбасын сыздыру.</p> <p>4. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жемісжидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру</p> |
| | Математика негіздері | <p>Жиын.</p> <p>Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту</p> <p>Сан, санау</p> <p>Көрнекілік негізінде 8 санының пайда болуымен таныстыру. 8,9 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.</p> |

| | | |
|--|------------|---|
| | | <p>Шама. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінментаныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді(шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратабілуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу,шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> |
| | Сурет салу | <p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту .</p> <p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануын дамыту.</p> |
| | Мүсіндеу | <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі танысзаттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.</p> |

| | | |
|--|-----------|--|
| | | Бақылаған заттың бейнесін бере білуді, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеуді, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалануды үйрету. |
| | Жапсыру | Шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуды меңгерту. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру дағдыларын жетілдіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу Қағаздан құрастыру. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді ұйымдастыру. |
| | Музыка | Музыка тыңдау. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуды үйрету |

| | | |
|--|-----------------------------------|--|
| | | <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді қалыптастыру.</p> <p>Билер.</p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуді үйрету.</p> <p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Музыкалық дауылпаз және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> |
| | <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзінөзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау дағдысын дамыту. Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеге баулу.</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілері гироскутер, сигвейге арналған жолды білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту дағдысын пысықтау.</p> <p>Табиғатпен таныстыру Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсінуін жетілдіру. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жануарлар тірі тіршілік иесі жануарлар қозғалады коректенеді өседі және көбейеді</p> <p>Қарапайым экологиялық ұғымдар Адам және табиғат Табиғатты қорғау, сақтау Күн мен ауа</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері Мектепалды тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білу</p> |
|--|--|---|

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Байғанин ауданы Қарауылкелді орта мектебінің

Мектепалды даярлық «в» сыныбы

Балалардың жасы

5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды, көрсету) желтоқсан

| Айы | Ұйымдастырылған іс - әрекет | Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері |
|-----|-----------------------------|--|
| | Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру) Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап,аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою Негізгі қимылдар: Заттардан аттап жүру Жүру мен жүгіруді алмастыру Бір орында тұрып секіру 20 сантиметр дейінгі биіктікке секіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру Музыка ырғағымен қимылдар жасау Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Спорттық жаттығулар: Ойындар арқылы спортқа деген қызуғушылығын ояту Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру |

| | | |
|--|-----------------|---|
| | | <p>Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты тура лақтыру Тізені жоғары көтеріп жүгіру. - Өкшені жамбасқа лақтыра жүгіру. - Аяқтың басын алға сілтей жүгіру. - Оң, сол жақ пен қолды айналдыра жүгіру. - Артпен жүгіру. - Жай жүгіру. Командалық жарыстар ұйымдастыру.</p> |
| | Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта. Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру Сөздік қор. Қазақ халқы егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару,</p> |
| | Көркем әдебиет | <p>Оқу, әңгімелеу. Балалардың театр әлеміне деген қызығушылығын дамыту. Мәнерлеп оқу.</p> |

| | | |
|--|----------------------|---|
| | | <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу,</p> <p>Жаңылтпаш айту өнеріне баулу.</p> <p>Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту,</p> <p>кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> |
| | Сауат ашу негіздері | <p>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Буын туралы ұғымдарын кеңейту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p> <p>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету</p> <p>Сөздің мағынасына қызығушылығын ояту. Сурет бойынша сөйлем құрату</p> <p>Дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу</p> |
| | Математика негіздері | <p>Жиын.</p> <p>Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру,</p> <p>Сан, санау.</p> <p>0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.</p> <p>«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6,8,9 санының пайда болуымен таныстыру.</p> <p>9 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.</p> <p>Шама.</p> <p>Заттарды салыстыру, сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Геометриялық пішіндер.</p> <p>Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу</p> <p>Кеңістікте бағдарлау.</p> <p>Заттардың кеңістікте орналасуы</p> <p>Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Санды тура және кері санау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Магниттерден сандарды құрастыру.</p> |

| | | |
|--|------------|--|
| | | Қисық және сынық сызықтарды дәптердің тор көзіне сызуға үйрету |
| | Сурет салу | <p>Заттық сурет салу:</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою- өрнектері туралы білімдерін кеңейту (орамал, шапан, қамзол) салу</p> <p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p>Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру;</p> <p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> |
| | Мүсіндеу | <p>Заттық мүсіндеу.</p> <p>Қарапайым қатынас түрлерін сақтай отырып адам пішінін мүсіндеуге үйрету;</p> <p>Адамның бейнесін, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу.</p> <p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу.</p> <p>Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.</p> |
| | Жапсыру | <p>Заттық жапсыру.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану</p> <p>Сәндік жапсыру:</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық)) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p> <p>Сюжеттік жапсыру</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу</p> |

| | | |
|--|----------------------------|---|
| | Музыка | <p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдай отырып, балалардың музыкаға деген қызығушылығын қалыптастыру Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: Би шығармашылығы. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру</p> |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары. Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Әуеде жүретін көлік түрлерімен таныстыру Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> |
| | Құрастыру | <p>Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және қолғап құрастыру Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи (мақта, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Байғанин ауданы Қарауылкелді орта мектебінің
Мектепалды даярлық «в» сыныбы
Балалардың жасы
5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды, көрсету) қаңтар

| Айы | Ұйымдастырылған іс – әрекет | Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері |
|-----|-----------------------------|---|
| | Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар |

| | | |
|--|-----------------|---|
| | | <p>Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.</p> <p>Негізгі қимылдар: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр) 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Жұбымен шеңбер бойымен жүру</p> <p>Спорттық жаттығулар: Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау. Қолды екі жаққа созу.</p> <p>Спорттық ойындар Хоккей элементтері. Спорттық ойындар. Балаларды сапқа тұрғызу. Жаттығулар жасату.</p> |
